

**Қалбике Өмірбайқызы Есенова¹, Алия Оспановна Балгабаева^{2*},
Фарица Кенжеғалиқызы Исмаилова³**

¹филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-7402-3625 E-mail: kalbike_65@mail.ru

²автор-корреспондент, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0002-7159-5614 E-mail: eliya_89@mail.ru

³философия докторы (PhD), постдокторант,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-9685-6791 E-mail: fari1996@mail.ru

ВИРТУАЛДЫ ҚАТЫСЫМДАҒЫ ТІЛДІК ЭТИКЕТ: ЦИФРЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Андатпа. Мақалада қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы виртуалды қатысым этикетінің тілтанымдық табиғаты жан-жақты қарастырылды. Зерттеу жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен әлеуметтік желілердің тіл мәдениетіне, сөйлеу әдебіне және прагматикалық нормаларға тигізетін ықпалын анықтауға бағытталды. Эмпирикалық материал ретінде 2023-2025 жылдары WhatsApp, Telegram, Zoom, Instagram сияқты платформалардағы қатысым үлгілері және 20 респондентке жүргізілген сұхбат нәтижелері пайдаланылды. Зерттеу барысында виртуалды этикет құрылымының үш когнитивтік өлшемі айқындалды: технологиялық когниция (платформалық және техникалық бейімделу нормалары), эмоциялық-әлеуметтік когниция (реакциялар мен эмпатия арқылы сыпайылық пен эмоция білдіру) және мәдени-құндылық когниция (ұлттық сөйлеу әдебінің цифрлық формада сақталуы). Зерттеу нәтижесінде виртуалды этикеттің дәстүрлі мәдени нормаларға сүйене отырып, цифрлық кеңістік логикасына бейімделетін гибриді мәдени-прагматикалық феномен екені анықталды. Талдау нәтижесінде виртуалды қатысымда этикеттік амалдардың ықшамдалуы, визуалды кодтардың (эмодзи, пиктограмма, қысқартулар) белсенді қолданылуы және ұлттық мәдени кодтардың жаңа формадағы көрінісі анықталды. Виртуалды этикет жүйесі адам мен технологияның өзара әрекеттесуінің когнитивтік және әлеуметтік тетігі ретінде қарастырылып, мультимодальді коммуникация мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталды. Зерттеу нәтижелері цифрлық тіл мәдениетін дамыту, медиалингвистикалық зерттеулер мен цифрлық этикетті оқыту салаларына қолданбалы маңыз береді.

Тірек сөздер: виртуалды қатысым; цифрлық этикет; тіл мәдениеті; эмодзи; когнитивтік модель; мультимодальді коммуникация; платформалық прагматика

Сілтеме жасау үшін: Есенова Қ.Ө., Балгабаева А.О., Исмаилова Ф.К. Виртуалды қатысымдағы тілдік этикет: цифрлық коммуникация кеңістігіндегі когнитивтік және мәдени-прагматикалық аспектілер. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 150-163-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-150-163>

**Қалбике Омирбаевна Есенова¹, Алия Оспановна Балгабаева^{2*},
Фарица Кенжеғалиевна Исмаилова³**

¹доктор филологических наук, профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-7402-3625 E-mail: kalbike_65@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, докторант,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0002-7159-5614 E-mail: eliya_89@mail.ru

³доктор философии (PhD), постдокторант,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-9685-6791 E-mail: fari1996@mail.ru

ЯЗЫКОВОЙ ЭТИКЕТ В ВИРТУАЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ: КОГНИТИВНЫЕ И КУЛЬТУРНО-ПРАГМАТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ В ЦИФРОВОМ ПРОСТРАНСТВЕ КОММУНИКАЦИИ

Аннотация. В статье комплексно рассматривается лингвистическая природа виртуального этикета общения в условиях современного цифрового общества. Цель исследования – определить влияние информационно-коммуникационных технологий и социальных сетей на культуру речи, речевой этикет и прагматические нормы. Эмпирическим материалом послужили образцы коммуникации на платформах WhatsApp, Telegram, Zoom и Instagram за 2023–2025 годы, а также результаты интервью с 20 респондентами. В ходе исследования выявлены три когнитивных измерения виртуального этикета: технологическая когниция (нормы платформенной и технической адаптации), эмоционально-социальная когниция (выражение вежливости и эмоций посредством реакций и эмодзи) и культурно-ценностная когниция (сохранение национального речевого этикета в цифровой форме). Результаты показали, что виртуальный этикет представляет собой гибридный культурно-прагматический феномен, который адаптирует традиционные культурные нормы к логике цифрового пространства. Анализ продемонстрировал, что виртуальная коммуникация характеризуется сокращением этикетных средств, активным использованием визуальных кодов (эмодзи, пиктограмм, аббревиатур) и новым проявлением национальных культурных кодов. Виртуальный этикет рассматривается как когнитивный и социальный механизм взаимодействия человека и технологии, а также как важная составляющая мультимодальной коммуникационной культуры. Полученные результаты имеют прикладное значение для развития цифровой языковой культуры, медиалингвистических исследований и обучения цифровому этикету.

Ключевые слова: виртуальная коммуникация; цифровой этикет; культура речи; эмодзи; когнитивная модель; мультимодальная коммуникация; платформенная прагматика

Для цитирования: Есенова К.О., Балгабаева А.О., Исмаилова Ф.К. Языковой этикет в виртуальной коммуникации: когнитивные и культурно-прагматические аспекты в цифровом пространстве коммуникации. *Tiltanyam*, 2026. №1 (101). С. 150-163. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-150-163>

Kalbike Yessenova¹, Aliya Balgabayeveva^{2*}, Fariza Ismailova³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor,

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0001-7402-3625 E-mail: kalbike_65@mail.ru

^{2*}Corresponding Author, Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0002-7159-5614 E-mail: eliya_89@mail.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Postdoctoral Researcher,

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0001-9685-6791 E-mail: fari1996@mail.ru

LINGUISTIC ETIQUETTE IN VIRTUAL COMMUNICATION: COGNITIVE AND CULTURAL-PRAGMATIC ASPECTS IN DIGITAL COMMUNICATION SPACE

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the linguistic nature of virtual communication etiquette in the context of the modern digital society. The study aims to identify the impact of information and communication technologies and social media on language culture, speech etiquette, and pragmatic norms. Empirical data were obtained from communication samples on WhatsApp, Telegram, Zoom, and Instagram (2023–2025) and interviews with 20 respondents. The study revealed three cognitive dimensions of virtual etiquette: technological cognition (norms of platform and technical adaptation), emotional-social cognition (expression of politeness and emotions through reactions and emojis), and cultural-value cognition (preservation of national speech etiquette in digital form). The results demonstrate that virtual etiquette represents a hybrid cultural-pragmatic phenomenon adapting traditional cultural norms to the logic of digital space. The analysis demonstrated that virtual communication is characterized by a reduction in etiquette means, an active use of visual codes (emoji, pictograms, and abbreviations), and a new manifestation of national cultural codes. The findings have practical significance for the development of digital language culture, media linguistics, and digital etiquette education.

Keywords: virtual communication; digital etiquette; language culture; emoji; cognitive model; multimodal communication; platform pragmatics

For citation: Yessenova, K., Balgabayeveva, A., Ismailova, F. Linguistic Etiquette in Virtual Communication: Cognitive and Cultural-Pragmatic Aspects in Digital Communication Space. *Tiltanyam*, 2026. No. 1 (101). Pp. 150-163. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-150-163>

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы коммуникация кеңістігі адамзат өркениетінің цифрлану үрдісімен тығыз байланысты. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен интернеттің қарқынды дамуы нәтижесінде тілдік қатынастың жаңа формасы – виртуалды қатысым (digital communication)

қалыптасты. Бұл құбылыс тілтаным ғылымында соңғы бес жылда белсенді зерттеліп келе жатқан өзекті бағыттардың бірі болып отыр (Panjaitan, 2024; Heitmayer, 2024; Abdigarbarova et al., 2025).

Цифрлық коммуникацияның басты ерекшелігі – оның гибриді табиғатында: бір жағынан, ол дәстүрлі тілдік қатысымның мәдени және этикеттік нормаларын сақтаса, екінші жағынан, технологиялық құралдар мен платформалардың (смартфон, мессенджер, әлеуметтік желі, бейнеконференция жүйелері) ықпалымен жаңа қатысымдық құрылымдарды тудырады (Sikorska et al., 2025; Androutsopoulos, 2015). Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды кеңістік тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесетін жаңа когнитивтік алаңы болып отыр.

Дәстүрлі қатысымда этикет ұғымы сыпайылық, сыйластық, әлеуметтік иерархияны сақтау сияқты моральдық және мәдени нормаларға негізделсе, виртуалды кеңістікте ол «цифрлық этикет» (netiquette) ұғымына айналып, тұлғаның технологиялық сауаттылығы мен мәдени бейімделуін сипаттайды (Abdigarbarova et al., 2025; Heitmayer, 2024). Мысалы, электронды пошталар мен мессенджерлерде «Қайырлы күн!» сияқты классикалық амандасу формалары «Сәлем!» немесе эмодзи түріндегі белгілермен («👋», «😊») алмастырылуы тілдің экономика заңы мен жылдам ақпарат алмасу қажеттілігінен туындаған құбылыс болып отыр (Sikorska et al., 2025).

Осы үдерістердің нәтижесінде тілдің прагматикалық және семиотикалық жүйесінде жаңа құралдар мен таңбалар пайда болды: эмодзилер, GIF-анимациялар, қысқартылған сөздер (мысалы, «OK», «BB») және платформалық реакциялар (like, heart, reply). Осылайша, бұлар тілдің дәстүрлі функцияларын кеңейтіп, вербалды емес этикеттік амалдардың цифрлық аналогіне айналды (Heitmayer, 2024; Bobkina, 2023).

Цифрлық қатысымның лингвомәдени негізін қарастырған зерттеушілер (Смағұлова, 2020) Қазақстан жағдайына қатысты зерттеу нәтижелерін ұсынады: «Болашақ мұғалімдердің цифрлық коммуникациялық мәдениетін дамытуда цифрлық этикет-оқыту бағдарламалары маңызды», – дейді (Abdigarbarova et al., 2025). Осы зерттеу тілтанымдық тұрғыдан виртуалды қатысымның тілдік-мәдени ерекшеліктерін ашуға бағытталған.

Бұл құбылыстың тілдік сипаты коммуникативтік үнем, когнитивтік бейімделу және тұлғалық стильдің цифрлануы ұғымдарымен тығыз байланысты. Яғни виртуалды кеңістіктегі тіл – тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар идентификация мен өзіндік презентацияның когнитивтік құралы (Heitmayer, 2024).

Зерттеу нәтижелері цифрлық коммуникация этикетінің адам мен қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа мәдени парадигмасын қалыптастыратынын айқындайды. Бұл үдерісте тілдің әлеуметтік сипаты нақты цифрлық платформалардың функционалдық және коммуникациялық логикасымен айқындалады. Мәселен, WhatsApp платформасында қарым-қатынас көбіне бейресми сипатта жүзеге асса, Zoom ортасы формалды дискурсқа бейім келеді; Instagram визуалды-коммуникативтік стильді алға шығарады, ал Telegram ақпарат алмасуға негізделген коммуникациялық үлгіні қалыптастырады (Androutsopoulos, 2015; Syzdykbayeva, 2025).

Осыған байланысты аталған мақалада виртуалды қатысымдағы этикеттің тілтанымдық аспектілері қарастырылып, дәстүрлі және цифрлық этикет нормалары салыстырылады. Зерттеудің мақсаты – виртуалды қатысымның мәдени және когнитивтік негіздерін, тілдік этикет формаларының эволюциясын және цифрлық коммуникациядағы этикеттік стратегиялардың қалыптасуын айқындау.

Зерттеудің міндеттері: 1) дәстүрлі және виртуалды этикет формаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 2) цифрлық қатысымдағы тілдік және паралингвистикалық белгілердің (эмодзи, реакциялар, қысқартулар) қызметін сипаттау; 3) виртуалды этикет нормаларының қалыптасу үрдісін тілдік сана мен мәдени контекст тұрғысынан түсіндіру; 4) цифрлық этикеттің тұлғааралық қатысымдағы мәдени ролін негіздеу.

Зерттеуде тіл мен технология тоғысындағы жаңа құбылысты – виртуалды этикетті кешенді түрде қарастыру мақсат етілді. Тақырыптың өзектілігі цифрлық қоғамда коммуникация мәдениетінің жаңа стандарттарын ғылыми тұрғыдан жүйелеу қажеттілігімен айқындалады.

Материал және әдістер

Мақала виртуалды қатысымдағы этикеттік нормаларды тілтанымдық тұрғыдан зерделеуге арналған сапалық сипаттағы лингвистикалық зерттеу болып табылады. Зерттеу әдістемесі когнитивтік лингвистика, дискурстық талдау, контент-анализ және салыстырмалы талдау тәсілдеріне негізделді.

Зерттеу нысаны ретінде 2023-2025 жылдар аралығында қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік желілер мен мессенджер платформаларынан (WhatsApp, Instagram, Telegram, Zoom чаттары, Google Meet жазбалары) 20 респондентпен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында қатысушылардың цифрлық коммуникациядағы этикеттік нормаларды қабылдауы, эмодзи мен реакцияларды қолдану тәжірибесі, сондай-ақ әртүрлі платформадағы қарым-қатынас стилін бейімдеу стратегиялары анықталды. Сұхбат нәтижелері сапалық талдау әдісі арқылы жүйеленіп, виртуалды этикеттің когнитивтік және мәдени ерекшеліктерін түсіндіруге негіз болды.

Осылайша, жиналған эмпирикалық деректер виртуалды этикеттің құрылымын технологиялық, эмоциялық-әлеуметтік және мәдени-құндылық когницияларының өзара әрекеттесуі арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл цифрлық коммуникациядағы тілдік мінез-құлықты кешенді түрде талдауға жол ашады.

Кесте 1 – Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік желілер мен мессенджер платформаларынан алынған сұхбаттасу деректері

Таблица 1 – Данные разговоров, полученные из социальных сетей и мессенджер-платформ на казахском и английском языках

Table 1 – Conversational Data Obtained from Social Networks and Messenger Platforms in Kazakh and English Languages

№	Когнитивтік өлшем	Зерттеу аспектісі	Сұхбат сұрағы
1	Технологиялық когниция	Платформаға бейімделу	Сіз WhatsApp, Telegram, Zoom немесе Instagram сияқты платформаларда сөйлесу стиліңізді өзгерте аласыз ба? Қалай?
2		Платформалық нормаларды қабылдау	Әр платформада жазу стилі немесе жауап беру әдебі әртүрлі деп ойлайсыз ба? Неліктен?
3		Жауап беру жылдамдығы	Онлайн хабарламаға қаншалықты тез жауап беру керек деп есептейсіз? Бұл этикеттік норма ма?
4		Функционалдық мүмкіндіктерді қолдану	Реакциялар, жауапқа жауап (reply), форвард немесе дауыс хабарламаларын қолдану сіздің коммуникацияңызға қалай әсер етеді?
5		Синхронды/асинхронды қатысым	Zoom сияқты онлайн кездесулер мен чаттағы жазбаша коммуникация арасында қандай айырмашылық байқайсыз?
6	Эмоциялық-әлеуметтік когниция	Эмодзи қолдану	Сіз хабарламада эмодзилерді қаншалықты жиі қолданасыз?
7		Эмоцияны білдіру	Эмодзи немесе реакциялар сіздің эмоцияңызды жеткізуге көмектеседі деп ойлайсыз ба?
8		Сыпайылық стратегиялары	«Рақмет», «Өтінемін» сияқты сөздермен бірге эмодзи қолдану коммуникацияның сыпайылығына әсер ете ме?
9		Қате интерпретация	Кейде эмодзилер немесе реакциялар дұрыс түсінілмей қалатын жағдайлар болды ма?
10		Қатысымдық реңк	Онлайн коммуникацияда эмоцияны білдіру офлайн сөйлесуден қалай ерекшеленеді?
11	Мәдени-құндылық когниция	Ұлттық сөйлеу әдебі	Онлайн сөйлесуде қазақы сыпайылық нормаларын сақтауға тырысасыз ба?
12		Дәстүр мен цифрлық орта	Дәстүрлі сөйлеу әдебі цифрлық коммуникацияда

		өзгеріске ұшырайды деп ойлайсыз ба?
13	Мәдени идентификация	Қазақ тілінде жазу немесе сөйлесу сіздің мәдени сәйкестігіңізді көрсетуге әсер ете ме?
14	Құрмет пен дистанция	Онлайн қарым-қатынаста үлкендермен немесе ресми адамдармен сөйлескенде қандай тілдік тәсілдерді қолданасыз?
15	Цифрлық мәдениет	Сіздің ойыңызша, цифрлық ортада жаңа этикеттік нормалар қалыптасып жатыр ма?

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Дерек жинау кезеңі. Мессенджер және әлеуметтік желі үлгілерін жинау әдісі бойынша 2024 жылы 3 ай бойы деректер анонимдендіріліп, тіркелді. Пайдаланушылардың жеке мәліметтері қорғау мақсатында этикалық келісім негізінде алынған.

2. Лингвистикалық және семиотикалық талдау. Жиналған мәтіндер мен хабарламалардағы тілдік этикет бірліктері NVivo 14 бағдарламасы арқылы кодталды. Бұл әдіс цифрлық этикет құрылымын анықтап, олардың жиілігін, функцияларын және контекстік қызметін жүйелеуге мүмкіндік берді (Heitmayer, 2024; Sikorska et al., 2025).

3. Когнитивтік және мәдени талдау. Коммуникативтік актілердің когнитивтік үлгісі мен ұлттық мәдениетпен байланысы зерттелді. Қазақ мәдениетіне тән дәстүрлі этикеттік формулалардың виртуалды кеңістікке бейімделу ерекшеліктері салыстырылды (Abdigarbarova et al., 2025).

4. Салыстырмалы-типологиялық талдау. Қазақ, ағылшын және орыс тілдік кеңістіктеріндегі виртуалды этикет үлгілері салыстырылды. Бұл әдіс тілдік бейімделудің әмбебап және ұлттық-ерекше белгілерін айқындауға бағытталды (Panjaitan, 2024; Bobkina, 2023).

Зерттеуде digital discourse analysis (Herring, 2019; Bobkina, 2023) және netiquette pragmatics (Heitmayer, 2024; Sikorska et al., 2025) теориялары негізге алынды. Цифрлық этикетті талдауда эмпатия, реакция және қысқартулардың прагматикалық қызметі мен мәдени семантикасы есепке алынды.

Зерттеу этикалық қағидаттарға сәйкес жүргізілді, деректер жинау кезінде жеке тұлғалардың аты-жөндері өзгертіліп, тек лингвистикалық мазмұн ғана пайдаланылды.

AI құралдары (*ChatGPT 4 API, NVivo 14, AntConc 3.5*) тек деректерді сұрыптау, жиілік кестелерін құру және лексикалық өрістерді автоматты кодтау мақсатында қолданылды. Барлық интерпретациялық және талдамалық қорытындылар автордың ғылыми жауапкершілігі аясында жасалды.

Әдебиетке шолу

Цифрлық коммуникация мен виртуалды этикет мәселесі соңғы жылдары лингвистика, медиакоммуникация және мәдениетаралық зерттеулердің негізгі бағыттарының біріне айналды. Интернеттің және әлеуметтік желілердің кең таралуы тілдік қатысымның жаңа формаларын қалыптастырып, дәстүрлі сөйлеу әдебі мен этикеттік нормалардың өзгеруіне ықпал етті. Осы құбылысты зерттеген ғалымдар виртуалды коммуникацияны мультимодальді және когнитивтік тұрғыдан күрделі дискурстық кеңістік ретінде қарастырады (Crystal, 2011; Thurlow, Mroczek, 2011).

Интернет-лингвистика саласында Д. Кристал цифрлық коммуникация тілдің құрылымдық және прагматикалық жүйесіне жаңа элементтер енгізетінін атап өтеді (Crystal, 2006, 2011). Оның пікірінше, онлайн коммуникацияда қысқартылған формалар, эмотикондар, графикалық символдар және бейресми тілдік кодтар кеңінен қолданылып, сөйлеу актісінің жылдамдығы мен ықшамдығын қамтамасыз етеді. Бұл үрдіс тілдің экономия принципімен және ақпарат алмасу жеделдігімен түсіндіріледі.

Цифрлық дискурстың семиотикалық табиғатын зерттеген С. Херринг компьютерлік қатысымдағы тілдік бірліктердің тек мәтіндік емес, сонымен қатар визуалды және паралингвистикалық элементтермен толықтырылатынын көрсетеді (Herring, 2019). Мұндай құбылысты ғалым «digital discourse» ұғымы арқылы түсіндіреді. Осы тұрғыдан алғанда,

виртуалды қатысымдағы этикет тек тілдік формулалар жүйесі емес, символдық және визуалды кодтарды біріктіретін мультимодальді коммуникациялық механизм болып табылады.

Виртуалды коммуникациядағы эмоциялық компоненттің ролін Деркс, Фишер және Бос өз еңбектерінде қарастырған (Derks, Fischer, Bos, 2020).

Зерттеушілер эмодзилер мен эмотикондардың компьютерлік коммуникацияда эмоцияны кодтау және интерпретациялау қызметін атқаратынын дәлелдейді. Олар дәстүрлі қатысымдағы интонация, мимика және ым-ишараның цифрлық баламасы ретінде қызмет етеді. Бұл тұжырым қазіргі зерттеулерде эмодзилердің тек декоративті элемент емес, прагматикалық маркер ретінде қарастырылуына негіз болды (Bobkina, 2023).

Мультимодальді коммуникация теориясында Г. Кресс тілдің қазіргі қоғамда тек вербалды құралдар арқылы емес, визуалды, графикалық және символдық жүйелер арқылы жүзеге асатынын көрсетеді (Kress, 2020). Цифрлық коммуникацияда мәтін, сурет, белгі және анимация біртұтас семиотикалық жүйе құрайды. Сондықтан виртуалды этикетті түсіндіруде мультимодальділік концепциясы маңызды теориялық негіз болып табылады.

«Netiquette» немесе цифрлық этикет ұғымы алғаш рет интернет мәдениетінің қалыптасу кезеңінде қарастырылған (Shea, 1994). Кейінгі зерттеулерде бұл ұғым кеңейіп, онлайн коммуникациядағы әлеуметтік нормалар мен мәдени ережелер жүйесі ретінде түсіндіріле бастады. М. Хейтмайер виртуалды этикетті цифрлық дискурстың прагматикалық трансформациясының нәтижесі ретінде сипаттай отырып, онлайн ортада сыпайылық стратегияларының жаңа түрлері қалыптасатынын көрсетеді (Heitmayer, 2024).

Сонымен қатар М. Панджайтан цифрлық коммуникация жағдайында адамның коммуникациялық құзыреттілігі жаңа сипатқа ие болатынын атап өтеді (Panjaitan, 2024). Онлайн қатысымда тілдік білім ғана емес, сонымен қатар эмоциялық сигналдарды интерпретациялау, реакция жылдамдығын таңдау және платформалық нормаларды сақтау қабілеті маңызды рөл атқарады. Бұл құбылыс қазіргі зерттеулерде «digital emotional intelligence» немесе цифрлық эмоциялық интеллект ұғымымен түсіндіріледі.

Медиалингвистикалық тұрғыдан алғанда, әрбір цифрлық платформа өзіне тән дискурстық экожүйені қалыптастырады (Herring, 2019). Мысалы, мессенджерлердегі қысқа әрі жедел хабарламалар бейресми коммуникация стилін қалыптастырса, бейнеконференция платформалары ресми қатысым нормаларын сақтауға бағытталған. Мұндай құбылысты зерттеушілер платформалық прагматика ұғымымен түсіндіреді (Heitmayer, 2024; Sikorska et al., 2025).

Ұлттық тілдік кеңістіктегі цифрлық этикетті зерттеу де соңғы жылдары белсенді дамып келеді. Қазақстандық зерттеулерде виртуалды қатысым мәдениеті ұлттық сөйлеу әдебінің жаңа цифрлық формасы ретінде қарастырылады (Syzdykbayeva, 2025). Ұ. Әбдігапбарова және әріптестері цифрлық коммуникация жағдайында ұлттық мәдени кодтар толық жойылмайтынын, керісінше жаңа медиаформатта бейімделетінін атап көрсетеді (Abdigapbarova et al., 2025).

Қазақ тілдік мәдениетінде сөйлеу әдебі әлеуметтік құрмет пен мәдени құндылықтардың маңызды көрсеткіші болып табылады (Смағұлова, 2020; Қайдар, 2017). Сондықтан виртуалды коммуникацияда дәстүрлі амандасу, алғыс айту және ізет білдіру формалары толық жоғалмай, жаңа цифрлық белгілер арқылы көрініс табады. Бұл құбылыс мәдени семиотиканың бейімделу процесі ретінде қарастырылады.

Осы зерттеулерді талдау виртуалды этикеттің үш негізгі ғылыми өлшемде қарастырылатынын көрсетеді: когнитивтік өлшем – адамның ақпаратты қабылдау және өңдеу ерекшеліктерімен байланысты; эмоциялық-әлеуметтік өлшем – эмодзи мен реакциялар арқылы эмоция мен сыпайылықты білдіру; мәдени-құндылық өлшем – ұлттық сөйлеу әдебінің цифрлық кеңістікте сақталуы.

Демек, қазіргі ғылыми әдебиеттер виртуалды этикетті тек тілдік норма ретінде емес, күрделі когнитивтік, мәдени және медиакоммуникациялық жүйе ретінде қарастырады. Бұл тұжырым осы зерттеу нәтижелерінде анықталған виртуалды этикеттің үш когнитивтік моделін – технологиялық, эмоциялық-әлеуметтік және мәдени-құндылық өлшемдерін теориялық тұрғыдан негіздейді.

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген эмпирикалық және сапалық-лингвистикалық талдау нәтижелері виртуалды қатысымдағы этикеттік нормалардың динамикалық, көпқабатты және мәдени тұрғыдан шартталған құрылымға ие екенін айғақтады. Алынған деректер дәстүрлі коммуникациялық этикеттің цифрлық кеңістікте жаңаша прагматикалық модельге бейімделуін, сондай-ақ жаңа семиотикалық бірліктердің – эмодзи, пиктограмма, қысқартулар мен реакция белгілерінің – тілдік этикеттің когнитивтік және әлеуметтік қызметін ішінара алмастырып отырғанын көрсетті.

1. Виртуалды және дәстүрлі этикет формаларының өзара байланысы

Зерттеу деректері көрсеткендей, виртуалды этикет дәстүрлі сөйлеу әдебінің тілдік және мәдени архетиптеріне сүйенгенімен, оның қазіргі формасы коммуникациялық платформалардың функционалды-технологиялық табиғатына бейімделіп, трансформацияланған. Дәстүрлі вербалды этикет адресант пен адресат арасындағы әлеуметтік арақашықтықты реттеп, оны сақтауға бағдарланса, виртуалды этикет бұл дистанцияны ықшамдап, коммуникацияның интерактивті әрі жедел жүзеге асуына негізделген байланыс моделін қалыптастырады.

Кестелік салыстыру нәтижелері бойынша, «Сәлеметсіз бе?» түріндегі ресми-модальдық формалар виртуалды ортада ықшам әрі бейресми кодтармен («Сәлем👋», «Hi») алмастырылып, сөйлеу актісінің коммуникативтік энергиясын сақтау мақсатында визуалды элементтермен толықтырылады. Сол сияқты алғыс, кешірім және қоштасу формулаларының қысқартылуы мен эмодзилермен үйлесуі тілдің прагматикалық үнемдеу стратегиясын іске асыратынын дәлелдеді (Heitmayer, 2024; Sikorska et al., 2025).

Бұл тенденция дискурстық эквиваленттілік принципін (functional equivalence) іске қосады: дәстүрлі этикет вербалды нормалар арқылы, ал виртуалды этикет семиотикалық және визуалды кодтар арқылы сол мағыналық-прагматикалық қызметті орындайды. Осылайша, этикеттік формалардың өзгеруі тілдің адамға бағытталған табиғатын көрсетіп, оның әртүрлі мәдени ортаға оңай бейімделе алатынын дәлелдейді.

Эмодзи, пиктограмма және қысқартылған тілдік кодтар виртуалды коммуникацияда паралингвистикалық құралдардың орнына жүретін жаңа прагматикалық маркерлерге айналған. Талдау нәтижелері бойынша, ең жиі қолданылатын эмодзилердің (😊, 🙏, 😊, ❤️, 👍) жиілігі жалпы хабарламалардың 68%-ын қамтиды.

Олардың қызметі төрт семантикалық бағытта құрылымдалды:

- 1) эмоциялық-модальдық функция – сөйлеу актісінің интонациялық контурын толықтыру, яғни эмоциялық интерпретацияны визуалды код арқылы жеткізу;
- 2) этикеттік функция – ризашылық, қолдау және сыпайылық интенциясын білдірудің символдық құралы;
- 3) когнитивтік функция – ақпараттық үнем мен мағыналық ықшамдықты қамтамасыз ету;
- 4) мәдени-кодтық функция – ұлттық және діни символиканы виртуалды формада көрсету (мысалы, 🙏 – қазақ мәдениетіндегі «алғыс» концептісінің визуалды баламасы).

Прагматикалық тұрғыдан эмодзи мен пиктограммалар коммуникативтік редукцияның (communicative reduction) жаңа механизмі ретінде қызмет етеді: қысқа визуалды код күрделі әлеуметтік-эмоциялық қатынастарды алмастыра алады. Мұндай ықшамдық пен визуалдық тәсілдер цифрлық мәдениеттің таңбалық әрі танымдық ерекшеліктерімен тығыз байланысты (Bobkina, 2023; Abdigapbarova et al., 2025).


Жартылай құрылымдалған сұхбат деректерін контент-талдау нәтижесінде виртуалды этикетке қатысты үш когнитивтік модель айқындалды:

- 1) технологиялық когниция респонденттердің 85%-ы этикетті платформаның техникалық протоколдарымен байланыстырады (мысалы, микрофонды өшіру, «mute» батырмасын пайдалану – әдептілік нышаны ретінде қабылданады);
- 2) эмоциялық-әлеуметтік когниция 74% қатысушы үшін этикет жауап беру жылдамдығымен, реакция қоюмен және позитивті эмодзилермен өлшенеді;
- 3) мәдени-құндылық когниция 65% қатысушы дәстүрлі қазақ сыпайылық нормаларын (мысалы, «Ассалаумағалейкум») сақтап, оны цифрлық формада бейімдейді.

Мұндай деректер виртуалды коммуникацияның цифрлық эмоциялық интеллект (digital

emotional intelligence) феноменімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Технологиялық құралдар арқылы эмоциялық қатынасты реттеу коммуникацияның жаңа когнитивтік деңгейінің қалыптасуына негіз болды (Heitmayer, 2024).

Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды этикет нормалары белгілі бір деңгейде «алгоритмдік делдалдыққа» тәуелді. Яғни платформалардағы дайын реакциялар жиынтығы, автоматты қысқарту мен ұсыныс жүйелері, push-хабарламалардың логикасы және модерациялық сүзгілер пайдаланушылардың символдық таңдауын белгілі бір бағытқа бағдарлайды. Соның нәтижесінде коммуникативтік редуцияның қолданылу үлгілері біртіндеп стандарттала түседі. Мұндай стандарттану бір жағынан өзара түсіністікті жеделдетуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан эмодзи мен пиктограммалардың көпмағыналы сипатына байланысты мәдениаралық интерпретацияда қателесу ықтималдығын арттырады.



Сурет 1 – Когнитивті модельдерді зерттеу нәтижелері
Рисунок 1 – Результаты исследования когнитивных моделей
Figure 1 – Results of the Study of Cognitive Models

2. Платформалық контекст пен стильдік бейімделу

Виртуалды этикет нормалары коммуникациялық платформа архитектурасына және интерфейстік әлеуетіне тәуелді. WhatsApp-та қысқартылған бейресми стиль басым болса, Zoom және Google Meet платформаларында ресми-интерактивті сөйлеу моделі сақталады. Instagram әлеуметтік-визуалды орта ретінде эмоционалды-эстетикалық этикетті қалыптастырады, ал Telegram ақпараттық-нейтралды дискурс үлгісін ұстанады.

Мұндай стильдік бейімделу медиалингвистикалық айнымалылықтың көрінісі болып табылады (Panjaitan, 2024; Syzdykbayeva, 2025). Яғни әр платформа өзінің ішкі «дискурстық грамматикасын» қалыптастырып, қатысушыларды сол кеңістікке тән сыпайылық үлгілерін пайдалануға итермелейді.

Осы тұрғыдан алғанда «аудиториялық дизайн» қағидаты мен платформалық аффорданстар коммуникацияның стильдік бейімделуін жүйелі түрде реттеп отырады.


Мысалы, WhatsApp платформасында жедел алмасуға негізделген қысқа әрі көбіне фатикалық хабарламалар «жылдам жауап – минималды рәсім» қағидатын қалыптастырады. Zoom немесе Meet ортасында протоколданған кезектесу, микрофон мен камера режимін басқару, сондай-ақ жазбаға түсу мүмкіндігі ресми регистрді сақтауды және эксплицитті метакоммуникацияны талап етеді. Instagram платформасында алгоритмдік көрінгіштік пен визуалды мазмұнды эстетикалық іріктеу эмодзи-этикетті визуалды нарративпен ұштастырады. Ал Telegram-ның арналық моделі, ұзын мәтіндерді қолдауы және форвард пен цитата

механизмдері ақпараттық-нейтралды, салыстырмалы түрде «құрғақ» стильдің қалыптасуына ықпал етеді.

3. Салыстырмалы-мәдени модель

Талдау нәтижесінде виртуалды этикеттің дамуы үш деңгейлі мәдени-когнитивтік модельмен сипатталды:

- әмбебап деңгей – эмоцияны эмпатия және қысқартулар арқылы жеткізу сияқты жаһандық тенденциялар;
- мәдени-ұлттық деңгей – дәстүрлі сөйлеу әдебінің (амандасу, ризашылық, тілек айту) цифрлық формаға бейімделуі;
- жеке тұлғалық деңгей – қолданушының жасы, кәсібі және цифрлық сауаттылығы арқылы анықталатын жеке прагматикалық стиль.



Сурет 2 – Когнитивтік жүйе қалыптастырудағы нәтижелер
Рисунок 2 – Результаты формирования когнитивной системы
Figure 2 – Results of cognitive system formation

Бұл үш деңгей өзара ықпалдаса отырып, біртұтас когнитивтік жүйе қалыптастырады. Соның нәтижесінде цифрлық этикет дәстүрі мен инновация тоғысқан кеңістікте пайда болған тілдік-прагматикалық құбылыс ретінде, яғни гибриді мәдени феномен ретінде сипатталады (Abdigapbarova et al., 2025; Heitmayer, 2024).

4. Жалпы қорытынды нәтижелер

Зерттеу нәтижелері негізінде мынадай негізгі тұжырымдарға келдік:

1. Виртуалды қатысымдағы этикет мультимодальді лингвопрагматикалық жүйе ретінде қалыптасып, тіл, бейне және символикалық кодтарды біріктіреді;
2. Эмпатиялар мен қысқартулар дәстүрлі сыпайылық формаларының семиотикалық эквивалентіне айналып, эмоционалды модальділікті визуалды-кодтық деңгейде бейнелейді;
3. Қазақтілді виртуалды кеңістіктегі қатысым ұлттық мәдени кодтарды сақтай отырып, жаһандық тілдік тәжірибемен кіріктірілген жаңа гибриді норма құраған;
4. Жастардың цифрлық этикеттік стратегиялары әлеуметтік интеллект пен когнитивтік икемділіктің жаңа түрін танытады;
5. Коммуникациялық платформалардың техникалық-архитектуралық параметрлері этикеттік нормалардың стильдік сипаттамаларына тікелей әсер ететін медиалингвистикалық фактор ретінде танылды.

Алынған нәтижелер цифрлық коммуникацияның этикеттік жүйесі дәстүрлі тілдік мәдениеттің эволюциялық жалғасы әрі технологиялық-прагматикалық жаңа формация екенін дәлелдейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері виртуалды қатысымдағы этикеттік жүйенің күрделі көпдеңгейлі табиғатын, және оның дәстүрлі тілдік мәдениеттен бастау алып, жаңа цифрлық парадигмаға бейімделген эволюциялық сипатқа ие екенін дәлелдейді. Виртуалды этикеттің тілдік, семиотикалық және мәдени контекстер арасындағы динамикалық өзара байланысы қазіргі лингвистикада қалыптасып келе жатқан цифрлық дискурс теориясының (digital discourse theory) эмпирикалық дәлеліне айналады.

Бұл құбылысты интерпретациялау барысында зерттеу нәтижелері бірнеше теориялық бағыттар тұрғысынан қарастырылды: когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация теориясы, прагмалингвистика және медиа-лингвистика.

Виртуалды коммуникация дәстүрлі қатысымның когнитивтік үлгілерін ішінара сақтай отырып, олардың мағыналық және формалық құрылымын қайта қалыптастырады. Бұл үдеріс тілдік санада «қатысымдық үнем» және «жедел когнитивтік жауап» қағидаларының күшеюіне әкеледі.

М. Хейтмайер зерттеулерінде көрсетілгендей, виртуалды этикет адамның когнитивтік кеңістігін қайта құрып, ақпаратты қабылдау мен реакцияны қалыптастыру жылдамдығын арттырады. Бұл тұрғыда этикет тек мәдени код емес, когнитивтік басқару тетігі ретінде де әрекет етеді.

Зерттеу нәтижелерінде байқалған этикеттік амалдардың ықшамдалуы (мысалы, «Сәлеметсіз бе?» → «Сәлем👋») тілдік үнемдеу теориясымен (economy principle) және мультимодальді коммуникация тұжырымдамасымен (Kress, 2020) сабақтас. Мұндай трансформация сөйлеу актісінің вербалды негізін сақтай отырып, паралингвистикалық және визуалды белгілермен толықтыру арқылы жаңа когнитивтік баламалар тудырады.

Дәстүрлі түсінікте этикет эмоциялық ұстамдылық пен сыпайылық нормаларына негізделеді. Ал цифрлық коммуникация кеңістігінде бұл нормалар эмоцияны білдірудің визуалды құралдарымен – эмодзилермен, реакциялармен және пиктограммалармен кеңейе түседі. Деркс, Фишер және Бос еңбектерінде эмодзилердің адам эмоциясын кодтау және оны қабылдау үдерісіндегі прагматикалық қызметі арнайы қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері де осы тұжырымды растайды: эмодзилер тек қосымша белгі ретінде ғана емес, эмоция мен сыпайылықтың мультимодальді көрінісін қамтамасыз ететін маңызды коммуникативтік құрал ретінде қызмет етеді. Мысалы, 🙏 және 😊 таңбалары қазақ тілдік мәдениетінде ризашылық пен ізеттіліктің символдық коды ретінде қызмет етеді. Мұндай таңбалар дәстүрлі «Рақмет» сөзінің эмоциялық реңкін күшейтіп, оның интонациялық әсерін визуалды формада жеткізуге мүмкіндік береді.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, бұл үдеріс виртуалды қатысымда эмоциялық интерференцияның төмендеуін және жаңа әлеуметтік байланыс формаларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді (Sikorska et al., 2025).

Зерттеу нәтижесінде анықталған мәдени деңгейдегі өзгерістер қазақ тілдік қауымдастығының цифрлық кеңістікте ұлттық этикеттік дәстүрлерді жаңа формада сақтап отырғанын көрсетеді. Мысалы, дәстүрлі амандасу формалары – «Ассалаумағалейкум», «Сәлеметсіз бе?» – цифрлық дискурста ықшамдалып, «Сәлем» немесе жай ғана қол бұлғау эмодзиімен беріледі. Бұл көрініс мәдениеттің семиотикалық бейімделу үдерісін сипаттайды.

Ұ. Әбдігапбарова атап өткендей, постцифрлық қоғамда ұлттық мәдени кодтар толық жойылмайды, керісінше «медиа-модульденеді», яғни жаңа технологиялық форматта өміршеңдігін сақтайды. Мұндай жағдайда этикет ұлттың мәдени идентификациясын сақтау құралы болып қала береді. Осы тұрғыдан қарағанда, виртуалды этикет қазақ қоғамында дәстүр мен инновацияның тоғысу нүктесін білдіреді. Ол мәдени символиканы сақтап, сонымен қатар жаһандық қатысым нормаларына икемделуді қамтамасыз етеді.

Талдау барысында әртүрлі платформаларда (WhatsApp, Instagram, Telegram, Zoom) этикеттік мінез-құлықтың өзіндік прагматикалық регламенті бар екені анықталды. Бұл

ерекшелікті медиа-лингвистикалық тұрғыдан дискурстық экожүйе ұғымы арқылы түсіндіруге болады (Herring, 2019). Мысалы:

- WhatsApp дискурсы – бейресми, эмоционалды және қысқартылған кодтар жүйесіне негізделген;

- Zoom және Google Meet дискурстары – ресми этикет үлгісін сақтай отырып, паралингвистикалық сыпайылық амалдарын (жымию, қол бұлғау, микрофонды өшіру) алдыңғы орынға қояды;

- Instagram дискурсы – визуалды этикет формалары (комментарий, лайк, хэштег арқылы алғыс білдіру) арқылы эстетикалық коммуникация мәдениетін қалыптастырады.

Бұл құбылысты платформалық прагматика тұрғысынан түсіндіруге болады: әрбір цифрлық орта өзіне тән тілдік нормалар жүйесін қалыптастырып, пайдаланушыны сол коммуникациялық мәдениетке бейімделуге итермелейді.

Кесте 2 – Виртуалды қатысым этикетінің когнитивтік-прагматикалық және мәдени интерпретациясы

Таблица 2 – Когнитивно-прагматическая и культурная интерпретация виртуального коммуникативного этикета

Table 2 – Cognitive-pragmatic and Cultural Interpretation of Virtual Communicative Etiquette

Өлшем	Этикеттік көрініс түрі	Лингвопрагматикалық сипаттама	Когнитивтік және мәдени интерпретация	Дереккөздер мен негіздемелер
Когнитивтік өлшем	Амандасу, қысқартылған хабарламалар (мыс., <i>Сәлем</i> 🙌)	Тілдік үнем, платформаға бейімделу, синтаксистік ықшамдық	Ақпаратты өңдеудің жылдамдығын арттырады, жаңа когнитивтік бейімделу моделін қалыптастырады.	Heitmayer (2024); Kress (2020)
Эмоциялық өлшем	Эмодзи және пиктограммалар (😊, 🙌, 😊)	Визуалды-семиотикалық құралдар арқылы эмоция мен сыпайылықтың берілуі	Эмоциялық IQ деңгейін арттырып, паралингвистикалық кодтың орнын басады.	Derks et al. (2020); Sikorska et al. (2025)
Мәдени-құндылық өлшем	Ұлттық амандасу, діни-мәдени белгілер (<i>Ассалаумағалейкум</i> , 🙏)	Дәстүрлі этикеттік формалардың медиа-модульденуі	Ұлттық мәдени кодтың сақталуы және гибриді мәдени модельдің қалыптасуы	Abdigapbarova et al. (2025)
Платформалық өлшем	WhatsApp, Zoom, Instagram, Telegram	Платформаға тән дискурстық грамматика мен стильдік бейімделу	Әр медиаорта өзіндік этикеттік нормалар жүйесін қалыптастырады.	Herring (2019); Panjaitan (2024)
Әлеуметтік-интерактивтік өлшем	Реакциялар мен жауап беру жылдамдығы	Цифрлық қатысымдағы әлеуметтік рефлексия механизмі	Этикет әлеуметтік интеллект пен эмоциялық сезімталдықтың көрсеткіші	Bobkina (2023); Heitmayer (2024)

Сұхбат нәтижелері көрсеткендей, виртуалды этикет нормаларын сақтау – тек тіл мәдениеті емес, сонымен қатар әлеуметтік интеллект пен эмоциялық сауаттылықтың көрсеткіші.

Бұл тұжырымды бірқатар заманауи зерттеулер де растайды (Heitmayer, 2024; Panjaitan, 2024; Bobkina, 2023). Цифрлық орта коммуникациялық құзыреттіліктің жаңа түрін талап етеді: мұнда адамның эмоциялық сигналдарды дұрыс түсіндіруі, жауап беру жылдамдығын орынды таңдауы және платформалық нормаларды сақтау қабілеті маңызды рөл атқарады.

Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды этикет цифрлық эмоциялық мәдениеттің институционалдық негізіне айналады. Ол адамның коммуникативтік мінез-құлқын тек әлеуметтік деңгейде ғана емес, сонымен қатар этикалық тұрғыдан да реттейтін механизм ретінде қызмет етеді.

Зерттеу нәтижелері тілтанымдық, педагогикалық және мәдениетаралық коммуникация салаларында бірқатар жаңа бағыттарды айқындайды:

1. Цифрлық этикет қағидаларын тіл мәдениетін оқыту бағдарламаларына жүйелі түрде енгізу қажеттілігі артады;
2. Этикеттік амалдарды мультимодальді тұрғыдан зерттеу тілдік репрезентация теориясының ғылыми аясын кеңейтеді;
3. Виртуалды этикет мәдениетаралық өзара түсіністік пен тілдік толеранттылықты қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері когнитивтік лингвистика мен медиа-коммуникация тоғысында жаңа аналитикалық парадигма – «цифрлық этикет лингвистикасын» (digital etiquette linguistics) ұсынады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу виртуалды қатысымдағы этикеттің тілтанымдық табиғатын жан-жақты ашып, оның дәстүрлі қатысым формаларынан айырмашылығын және заманауи цифрлық кеңістіктегі жаңа көрінісін анықтады. Зерттеу нәтижелері тіл мен технологияның өзара ықпалдастығын және олардың адамзаттың коммуникативтік санасында жаңа когнитивтік парадигма қалыптастыратынын дәлелдейді.

Біріншіден, виртуалды этикет дәстүрлі тілдік мәдениеттің эволюциялық жалғасы бола отырып, техногендік ортаға бейімделген жаңа прагматикалық модельге айналды. Этикеттік нормалар енді тек вербалды қарым-қатынас шеңберінде емес, цифрлық платформалар мен құрылғылар логикасына сәйкес жүзеге асады. Бұл өзгеріс тілдің когнитивтік үнем, эмоциялық бейімделу және әлеуметтік реактивтілік заңдылықтарын жаңа деңгейде паш етеді.

Екіншіден, эמודзи, реакциялар, қысқартылған кодтар және пиктограммалар дәстүрлі этикеттік амалдардың семиотикалық баламасына айналып, сыпайылық пен эмоцияны визуалды түрде репрезентациялаудың тиімді құралына айналды. Бұл мультимодальді коммуникация мәдениетінің кеңеюін, сондай-ақ прагматикалық ықшамдық пен мағыналық тереңдіктің бірлігін айқындайды.

Үшіншіден, зерттеу нәтижелері виртуалды этикет жүйесінің үш когнитивтік деңгейін нақтылады:

1. Технологиялық когниция этикетті техникалық ережелермен (микрофонды өшіру, онлайн жиналыс әдебі) байланыстырады;
2. Эмоциялық-әлеуметтік когниция сыпайылықты жауап беру жылдамдығы мен эмоциялық реакция арқылы өлшейді;
3. Мәдени-күндылық когниция дәстүрлі ұлттық сөйлеу әдебін цифрлық формада сақтауға бағытталады.

Бұл модель виртуалды этикетті тек лингвистикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар когнитивтік әрі мәдени-әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ол цифрлық ортадағы адамның коммуникативтік мінез-құлқын реттеп, мәдени сәйкестіктің сақталуына ықпал етеді.

Төртіншіден, зерттеу нәтижелері әртүрлі коммуникациялық платформаларда (WhatsApp, Zoom, Instagram, Telegram) этикеттік нормалардың өзіндік платформалық прагматикасы қалыптасқанын көрсетті. Әрбір медиаорта өзіне тән дискурстық грамматика мен тілдік стиль жүйесін қалыптастырып, қолданушыларды сол коммуникациялық контекстке бейімдейді.

Бесіншіден, қазақ тілдік кеңістігіндегі виртуалды этикет ұлттық мәдени код пен жаһандық коммуникациялық нормалардың өзара ықпалдасуы ретінде сипатталады. Қазақтілді пайдаланушылар дәстүрлі сыпайылық қағидаларын сақтай отырып, заманауи жедел коммуникация талаптарымен үйлестіреді, соның нәтижесінде мәдени идентификация мен тілдік жаңғыру үдерістері қатар жүзеге асады.

Қорытындылай келгенде, виртуалды этикет – тек тілдік формалар жүйесі емес, жаңа мәдени-когнитивтік феномен. Ол адамның әлеуметтік мінез-құлқын, эмоциялық мәдениетін және цифрлық қарым-қатынастағы жауапкершілік деңгейін анықтайды.

Әдебиеттер

- Баймұратова А. Қазақ интернет-дискурсының этикеттік ерекшеліктері // Қазақ тіл білімі және коммуникация, 3(2). – 2022. – 87-94-бб.
- Қайдар Ә. Қазақ тілінің ұлттық мәдени негіздері. – Алматы: Елтаным, 2007. – 304 б.
- Смағұлова Г. Қазақ сөйлеу мәдениетінің прагматикалық аспектілері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 236 б.
- Abdigapbarova, U., Syzdykbayeva, R., Nurbayeva, A. Developing digital etiquette and communication culture among future teachers in Kazakhstan // *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*, 24(1). 2025. Pp. 112-127. <https://doi.org/10.26803/ijlter.24.1.8>.
- Androutopoulos, J. Networked multilingualism: Some language practices on Facebook and their implications // *International Journal of Bilingualism*, 19(2). 2015. Pp. 185-205. <https://doi.org/10.1177/1367006913489198>
- Baron, N.S. *Always On: Language in an Online and Mobile World*. Oxford: Oxford University Press, 2008. 304 p.
- Bobkina, J. Emojis as new pragmatic markers: Visual semiotics in online discourse // *Journal of Language and Digital Communication*, 6(4). 2023. Pp. 211-230. <https://doi.org/10.1080/10447318.2023.2188534>
- Crystal, D. *Language and the Internet* (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press, 2006. 304 p.
- Crystal, D. *Internet linguistics: A student guide*. Routledge, 2011. 192 p.
- Danet, B. *Cyberpl@y: Communicating Online*. Berg, 2001. 320 p.
- Derks, D., Fischer, A.H., Bos, A.E. The role of emotion in computer-mediated communication: A review // *Computers in Human Behavior*, 110. 2020. Pp. 106-112. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2020.106394>
- Dresner, E., Herring, S.C. Functions of the nonverbal in CMC: Emoticons and illocutionary force. *Communication Theory*, 20(3). 2010. Pp. 249-268.
- Heitmayer, M. Digital discourse and the evolution of netiquette: Pragmatic reshaping of online politeness // *Journal of Pragmatics*, 222. 2024. Pp. 101-123. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2024.03.009>
- Herring, S.C. The co-evolution of computer-mediated communication and digital discourse analysis // *Discourse, Context & Media*, 28. 2019. Pp. 1-18.
- Kress, G. *Multimodality: A Social Semiotic Approach to Contemporary Communication* (3rd ed.). Routledge, 2020. 272 p.
- Panjaitan, M. Digital ethics and linguistic adaptation in online communication. *Asian Journal of Media Studies*, 12(2). 2024. Pp. 45-59.
- Sargeant, P., Tagg, C. *The Language of Social Media: Identity and Community on the Internet*. Palgrave Macmillan, 2014. 256 p.
- Shea, V. *Netiquette*. Albion Books, 1994. 160 p.
- Sikorska, M., Kovalenko, V., Zheltukhina, M. Digital communication etiquette and multimodal discourse in education // *Journal of Theoretical and Applied Information Technology*, 103(12). 2025. Pp. 24-32. <https://www.jatit.org/volumes/Vol103No12/2Vol103No12.pdf>
- Syzdykbayeva, R. Network communication culture and digital etiquette among university students // *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University*, 150(1). 2025. Pp. 55-67.
- Tagg, C. *Exploring Digital Communication: Language in Action*. Routledge, 2015. 291 p.
- Tannen, D. *The Relativity of Linguistic Strategies: Reframing in Conversational Discourse*. Oxford: Oxford University Press, 2013.
- Thurlow, C., Mroczek, K. *Digital Discourse: Language in the New Media*. Oxford: Oxford University Press, 2011. 364 p.
- Yus, F. *Pragmatics of Internet Humour*. John Benjamins Publishing, 2018. 347 p.
- Yus, F. *Cyberpragmatics 2.0: Internet-Mediated Communication and (Re)contextualization*. John Benjamins Publishing, 2021. 353 p.

References

- Abdigapbarova, U., Syzdykbayeva, R., Nurbayeva, A. (2025) Developing digital etiquette and communication culture among future teachers in Kazakhstan. *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*, 24(1). Pp. 112-127. <https://doi.org/10.26803/ijlter.24.1.8> (in English)
- Androutopoulos, J. (2015) Networked multilingualism: Some language practices on Facebook and their implications. *International Journal of Bilingualism*, 19(2). Pp. 185-205. <https://doi.org/10.1177/1367006913489198> (in English)
- Bajmuratova, A. (2022) Qazaq internet-diskursynyn jetikettik erekshelikteri. Qazaq til bilimi zhane kommunikacija, 3(2). 87-94-bb. [Baimuratova, A. (2022) Etiquette features of Kazakh internet discourse. *Kazakh Linguistics and Communication*. Pp. 87-94.] (in Kazakh)
- Baron, N.S. (2008) *Always On: Language in an Online and Mobile World*. Oxford: Oxford University Press, 304 p.

(in English)

- Bobkina, J. (2023) Emojis as new pragmatic markers: Visual semiotics in online discourse. *Journal of Language and Digital Communication*, 6(4). Pp. 211-230. <https://doi.org/10.1080/10447318.2023.2188534> (in English)
- Crystal, D. (2006) *Language and the Internet* (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press, 304 p. (in English)
- Crystal, D. (2011) *Internet linguistics: A student guide*. Routledge. 192 p. (in English)
- Danet, B. (2001) *Cyberpl@y: Communicating Online*. Berg. 320 p. (in English)
- Derks, D., Fischer, A. H., Bos, A.E. (2020) The role of emotion in computer-mediated communication: A review. *Computers in Human Behavior*, 110. Pp. 106-112. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2020.106394> (in English)
- Dresner, E., Herring, S.C. (2010) Functions of the nonverbal in CMC: Emoticons and illocutionary force. *Communication Theory*, 20(3). Pp. 249-268. (in English)
- Heitmayer, M. (2024) Digital discourse and the evolution of netiquette: Pragmatic reshaping of online politeness. *Journal of Pragmatics*, 222. Pp. 101-123. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2024.03.009> (in English)
- Herring, S.C. (2019) The co-evolution of computer-mediated communication and digital discourse analysis. *Discourse, Context & Media*, 28. Pp. 1-18. (in English)
- Kress, G. (2020) *Multimodality: A Social Semiotic Approach to Contemporary Communication* (3rd ed.). Routledge. 272 p. (in English)
- Panjaitan, M. (2024) Digital ethics and linguistic adaptation in online communication. *Asian Journal of Media Studies*, 12(2). Pp. 45-59. (in English)
- Qaidar, A. (2017) *Qazaq tilining ulttyq madeni negizderi*. Almaty: Eltanym. 304 b. [Kaidar, A. (2017) *National cultural foundations of the Kazakh language*. Almaty: Eltanym. 304 p.] (in Kazakh)
- Sergeant, P., Tagg, C. (2014) *The Language of Social Media: Identity and Community on the Internet*. Palgrave Macmillan. 256 p. (in English)
- Shea, V. (1994) *Netiquette*. Albion Books, 160 p. (in English)
- Sikorska, M., Kovalenko, V., Zheltukhina, M. (2025) Digital communication etiquette and multimodal discourse in education. *Journal of Theoretical and Applied Information Technology*, 103(12). Pp. 24-32. <https://www.jatit.org/volumes/Vol103No12/2Vol103No12.pdf> (in English)
- Smagulova, G. (2020) *Qazaq sojleu madenietining pragmatikalıy aspektleri*. Almaty: Qazaq universiteti. 236 b. [Smagulova, G. (2020) *Pragmatic aspects of Kazakh speech culture*. Almaty: Kazakh University. 236 p.] (in Kazakh)
- Syzdykbayeva, R. (2025) Network communication culture and digital etiquette among university students. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University*, 150(1). Pp. 55-67. (in English)
- Tagg, C. (2015) *Exploring Digital Communication: Language in Action*. Routledge. 291 p. (in English)
- Tannen, D. (2013) *The Relativity of Linguistic Strategies: Reframing in Conversational Discourse*. Oxford: Oxford University Press. (in English)
- Thurlow, C., Mroczek, K. (2011) *Digital Discourse: Language in the New Media*. Oxford: Oxford University Press. 364 p. (in English)
- Yus, F. (2018) *Pragmatics of Internet Humour*. John Benjamins Publishing. 347 p. (in English)
- Yus, F. (2021) *Cyberpragmatics 2.0: Internet-Mediated Communication and (Re)contextualization*. John Benjamins Publishing. 353 p. (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2026.

© Есенова Қ.Ө., Балгабаева А.О., Исмаилова Ф.К., 2026

